

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
Адами әлеуетті дамыту орталығы
«Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы



Тәрбиешілер: Аблаева Г.

Құрбаналиева Г.

«БАҒДАРШАМ БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ»

Мақсаты: Балаларды бағдаршам, жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Көшеде жүру ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Жауапкершілік сезімдерін дамыту. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, қауіпсіздікке тәрбиелеу. Сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.

Ғажайып сәті.



Телефон шырылдайды. Топқа «Полиция» кіреді.
Полиция: Сәлеметсіңдерме балалар?

Тәрбиеші: Балалар бізге қонаққа кім келді?

Полиция: -Балалар мен сендерге жолда жүру ережесі және бағдаршам туралы қызықты видео алып келдім.

Бағдаршам жол белгілерімен таныстыру видео слайд арқылы.

Балалар Дастан өзінің достарымен апасының үйіне бармақшы. Бұл балалар жолда жүру ережесін біледі екен, сондықтан олар жолдан өтуге дайын, ал сендер жолда жүру ережесін білесіңдерме. Мына балалардың алдында жаяу жүргіншілердің белгісі тұр. Қараңдаршы мына белгінің қайсысы жолдан өту белгісі?

Бағдаршам ол біздің жолдан өтуге көмектесетін көмекшіміз.

Бағдаршам өзінің әр түрлі түстерінің көмегімен жолдан өтуге болатыны туралы айтып тұрады. Оның түстері қызыл, сары, жасыл.



Жолдан өтер кезде қызыл түсті адам бейнесі шықса жолдан өтуге болмайды.

Жасыл түсті адамның бейнесі шықса өтуге болады.

Балалар естеріңе сақтандар жасыл түс қауіпсіз, ал қызыл түс өте қауіпті.

Ал енді бір ойын ойнайық: «Бағдаршам».

Бағдаршамның бірінші түсі қандай?

Екінші түсі қандай?

Үшінші түсі қандай?

Ал мына екінші бағдаршамдан ештеңе бар?

Бағдаршамның қай түсі жанған кезде жолдан өтуге болады?

Қызыл түс жанған кезде не істейміз?

Бағдаршамның қай түсі жанған кезде машина жүрмейді?

Бағдаршамның қай түсі жанған кезде машина қозғалып жүреді?

Жаяу жүргіншілердің белгісін көрген кезде ғана жолдан өт.

Мына суреттен балалардың дұрыс жасап тұрғанын көрсет?



Ал, енді балалар сендер « Жолда жүру ережесін» білесіңдер, мен осы ережені сендер қалай түсінгендеріңді тексерейін.

Бауырсақ жолда келе жатады, алдынан қоян шығады,

— Бауырсақ бауырсақ мені мына жолдан өткізіп жіберші?

-Бауырсақ сен менің тапсырмамды орындасаң өткіземін.

— Маған бағдаршамды құрастырып бер,

Қоян бағдаршамды құрастырып береді. Бауырсақ қоянды жолдан өткізіп жібереді.

Әрі қарай домалап кетеді. Келе жатса алдынан қасқыр шығады. Бауырсақ бауырсақ мен қалаға келіп адасып кеттім, маған орманға баратын жолды көрсетесіңбе?

— Бауырсақ сен менің тапсырмамды орындасаң көрсетем.

— Бағдаршамның қай түсі жанған кезде жолдан өтуге болады?

— Қасқыр белгіні көрсетеді, бауырсақ қасқырды орманға қарай баратын жолды көрсетіп береді.

Бауырсақ ары қарай жүгіріп келе жатады, алдынан аю шығады мен осы жерде доппен ойнап жүр едім добым домалап жолға шығып кетті, енді қалай аларымды білмей тұрмын.

- Бауырсақ сен менің тапсырмамды орындасаң добыңды алып беремін.

Қай түс жанған кезде жолдан өтуге болмайды?

Аю тапсырманы орындайды, бауырсақ аюдың добын алып береді. Доппен жолда ойнауға болмайды, машиналар тоқтай алмай қағып кетуі мүмкін.

Бауырсақ жүгіріп келе жатады алдынан түлкі шығады.

- Түлкі бауырсақ бауырсақ маған маған балабақшаға баратын жолды көрсетші?
- Бауырсақ менің тапсырмамды орындасаң көмектесем.
- Мына марблс тастарын түстеріне қарай бағдаршамға орналастыр?

Түлкі жол белгісін айтып береді.

Бауырсақ түлкіге балабақшаға баратын жолды көрсетеді.

Полиция: Бауырсақ сен бәрін біледі екенсің, рахмет саған, жануарларға көмектескенің үшін. Барлығына рахмет айтып қоштасып шығып кетеді